

**«АТА-АНАЛАРДЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ» ОРТАЛЫҚТАРЫНЫҢ ЖҰМЫСЫ АЯСЫНДА
ОРТА БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА
«БІРЫҢҒАЙ АШЫҚ ЕСІК» КҮНІН ҰЙЫМДАСТЫРЫП ӨТКІЗУ БОЙЫНША ҰСЫНЫМ**

Өткізу күні, уақыты: 30 қыркүйек 2023 жыл СЕНБІ КҮНІ, басталуы сағат 10.00

Өтетін орны: Білім беру ұйымдары

Апта күні	Тақырып	Мақсаты	Құндылық	Әдіс-тәсілдер (ұсыныс)	Қатысушылар	Жауаптылар
30 – қыркүйек 2023 жыл СЕНБІ КҮНІ	«Бір әкенің тәрбиесін жүз мектеп бере алмайды»	Мақсаты – ата-ана тарпынан болашақта баланың жеке тұлға болып қалыптасуы, саналы ұрпақ болып өсуі, дұрыс білім алып жетілуі, өмірде өз орнын табуы үшін көмек беру	ӨМІР БОЙЫ БІЛІМ АЛУ	<p>1. Ата-аналарды қолдау орталықтарын, кабинеттерін, алаңдарын жабдықтау, дайындау, ашу</p> <p>2. «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» мақсатында ашық есік күнін ұйымдастыру:</p> <p><i>1) ашық есік күнін өткізу туралы директордың атынан ата-аналарға электронды шақыту дайындау, мектептің әлеуметтік желілеріне ашық есік күні туралы ақпарат орналастыру.</i></p> <p><i>2) ашық есік күні өткеннен кейін әлеуметтік желіге ақпарат салу, видеороликтер әзірлеу.</i></p> <p>Ашық есік күні 5 кеңес беру аймағы жұмыс істейді.</p> <p>1-аймақ. Әлеуметтік педагог және педагог-психолог ата-аналарға әлеуметтік және психологиялық мәселелер бойынша кеңес береді.</p> <p>2-аймақ. Пән мұғалімдері ата-аналарға оқушылардың оқу үлгерімі бойынша, пәнге қатысты кеңес, ұсыным береді.</p>	<p>Білім беру ұйымдары</p> <p>Ата-аналар Педагогтер Мектеп әкімшілігі</p> <p>Әлеуметтік педагог, педагог-психолог, ата-аналар</p> <p>Пән мұғалімдері, ата-аналар</p>	«Әдістемелік орталық» МКҚК, Білім беру ұйымдары

			<p>3-аймақ. «Әке көрген оқ жонар» - «Әкелер клубының» жұмысы. Әкелер 9-11 сынып оқушыларына шеберлік сынып көрсетеді. Мысалы: мамандығы IT әке компьютерді жинау бойынша, жиһаз жасайтын маман - әке – сынған орындықты шегелеу, сынған жиһазды қалпына келтіру бойынша, сондай-ақ тағы басқа мамандық иелері мамандықтарына байланысты шеберлік сынып көрсетеді.</p> <p>4-аймақ. «Ана көрген – тон пішер» - «Аналар мектебінің» жұмысы. Аналар 9-11 сыныптың оқушы қыздарына шеберлік сыныптар көрсетеді: «Қонақ шақыру, қонақ күту, үстел әзірлеу этикеті», «Тігін тігіп, тоқыма тоқып үйренеміз», «Тамақ пісіру процесін жеңілдететін лайфхактар», «Қыз баланың күтімі» және т.б.</p> <p>5-аймақ. «Атасыз үй – батасыз, Анасыз үй – панасыз» - «Аталар мектебі және әжелер мектебінің» жұмысы. Шеберлік сыныптар: «Бата беру», «Қазақтың ырым-тиымдары», «Етті дұрыс тарту», «Жеті атасын білу – тектіліктің белгісі» және т.б..</p> <p>6-аймақ. «Q - TALKS». Q-talks аймағына бала тәрбиесіне, құндылықтарға байланысты зерттеу жүргізіп жүрген 1 спикер (Университет оқытушылары, танымал тұлғалар), «Өмір бойы білім алу» құндылығына қатысты 1 ата-ана спикер ретінде сөз сөйлейді. Спикерлерге берілетін уақыт: 15-20 минут.</p>	<p>Әкелер мектебі, 9-11 сыныпта оқитын ер балалар</p> <p>Аналар мектебі, 9-11 сыныпта оқитын қыз балалар</p> <p>Оқушылар, жас ата-аналар</p> <p>Ата-аналар, педагогтер, оқушылар, шақырылған қонақтар.</p>	
--	--	--	--	--	--

